

ҚАЗАҚСТАН САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХ, ЖАҢАШЫЛДЫҚ, БОЛАШАҚ



ПРОБЛЕМЫ ТРАНСФОРМАЦИИ ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОСТЬ, ПЕРСПЕКТИВА

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫН ҚҰРУДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ БИЛЕРДІҢ РӨЛІ

Нұрлыгүл Сапаққызы Аликулова

тарих ғылымдарының кандидаты

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы

Биылғы 2015 жыл – Қазақ елінің тарихында елеулі оқиғаларды тоғыстырған жыл болып есептелінеді. Олардың ішіндегі ең негізгісі – Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл мерейтойы.

Ел президенті Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «...Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан тарихы үшін белесті кезең... Бұл оқиғаның саяси һәм қоғамдық мән-мағынасы Қазақ хандығының Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығында жатыр» [1, 3] деп, қазақ хандығының Орта Азия елдері тарихындағы ерекше орнын атап көрсеткен болатын.

Қазақ даласында пайда болған алғашқы мемлекеттік құрылымдар сақ-сармат, үйсін дәуірінен белгілі. Одан кейін өмір сүрген түркі мемлекеттері ұлтымыздың санасында, еліміздің салт-дәстүрлері ұлыстар мен мемлекеттер тарихы, ірі тұлғалар туралы дерек көздерін жылнамалар мен шежірелер, аңыз-әңгімелер мен эпикалық шығармаларды құрайды. ХҮ ғасырдың екінші жартысында аталған мемлекеттік құрылымдардың заңды жалғасы ретінде Қазақ хандығы тарих сахнасына шықты.

Ол туралы ортағасырлық тарихшы М.Х. Дулати «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде Әбілқайыр хандығынан бөлініп шыққан Керей мен Жәнібек сұлтандарды Моғолстан ханы Есенбұғаны жылы шыраймен қарсы алып, оларға Моғолстанның батысында Шу өзені бойындағы «Қозыбасы» жерін бергенін айтады. Қазақ сұлтандарының билік етуі 1465-1466 жылдары (хижра бойынша 870 жылы) басталғаны және 1533-1534 жылдарға (940 жылы) дейін халқының саны 200 мың адамға жетіп, Өзбекстанның біраз бөлігіне билік жүргізгенін баяндаған [2, 108].

Міне, осылайша Шу мен Талас өзендерінің арасындағы аймаққа «Қазақ» деп ұран тастағанда рухы көтеріліп, намысы оянған барлық қазақ тайпалары көк тудың астына түгел жиналып, Қазақ хандығының іргесін қалаған болатын.

Қазақ хандығының құрылуы – көптеген түркі тілдес тайпалардың, түрлі әлеуметтік топтарды, сол дәуір өкілдерінің әлеуметтік, экономикалық және рухани сұраныстары негізінде құрылды десек те болады. Өйткені, хандық – бейбіт жолмен, өзара келісіммен, талап-тілек, адал ниет негізінде құрылды.

Алғашында қазақ хандығының территориясы батыс Жетісу жері, Шу өзені мен Талас өзенінің алабы еді. Міне, нақ осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет "Қазақстан" деген атау қолданылды.

Қазақ хандығының негізін қалауға сұлтандармен қатар, қарапайым халық өкілдері – би, батыр, жырауларда өз үлестерін қосқан.

Оның ішінде билердің рөлі ерекше. «Би» дегеніміз кім? «Би» сөзінің этимологиясына үңілер болсақ, «Би» – ұлт болып ұйығаннан бері берік қалыптасқан дәстүрлі

қазақ қоғамының саяси - әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық биліктің иесі.

«Би» сөзі – Г.Вамбери, Құрбанғали Халид, В.Радлов т.б. зерттеушілердің пікірлерінше, көне түркі тілінен бері қолданып келе жатқан «жоғарылықты, биіктікті» білдіретін сөз десе [3, 71], В.В. Бартольдтың пайымдауынша, «Би» сөзі шамамен 14-15 ғасырларда ежелгі түрік тіліндегі «Бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болған.

17 ғасырда өмір сүрген Махмұд ибн Уәли өзінің «Бахр әл-асрар фи манакиб әл-ахйар» атты еңбегінде «Жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендәуи тірліктен азат адамдардың» барлығы би деп аталғанын жазып кетті.

«Би» қазақ халқында өте ертеден қалыптасқан ұғым. Халық арасында «түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген ескі мәтел қалған. Билердің пірі – Майқы би Шыңғыс хан заманында өмір сүрген, тоғыз ханды қолынан таққа отырғызған адам. Осыған байланысты, «би» Шыңғыс заманынан бері қолданылып келе жатқан, қоғамдағы лауазымды тұлғалардың бірі екенін аңғаруымызға болады.

Мұхтар Арын өз еңбектерінің бірінде «Би – басқа лауазымдар мен атақтарға қарағанда біздің халқымыз үшін өте байырғы, төл ресми атақ» дей келе, «би – халықтың өз ішінен, өз әлеуметтік өмірінен шыққан лауазым» [3, 73] деп анықтама ұсынған.

Қазақ хандығында, ең жоғарғы лауазымды тұлға – «хан» болса, одан кейінгі басты лауазымды тұлғалардың бірі – «би» болғандығы белгілі.

Қазақ хандығындағы, оның ішінде Керей мен Жәнібек, Бұрындық тұсында билердің атқарған қызметтерін атап өтуге болады және оны қазіргі заманға сай қызметтермен теңдестіруге де болатын тәрізді.

Ең алдымен, «би» лауазымы ресми берілмеген, формальды сайлау немесе тағайындау болмағанын естен шығармау қажет. Би атағын алу үшін адам халық алдында жылдар бойы өзінің шешендік, әділдік, тапқырлық, парасаттылық, білімдарлық тәрізді қасиеттермен танылуы шарт. Би болуға жолдаманы тек – халық берген және биді ешкім би атағынан ешкім аластай алмаған, тек би беделін түсіріп алса, би атағынан айырылып қалатын болған.

Біріншіден, «би» атына сай билік құрушы, әкімшілік құқығы бар лауазым иесі. Бұл тұрғыда билер рулар мен тайпаларды немесе белгілі бір өңірді билеуші адам. Қазіргі заманның – «әкімі» іспеттес.

Екіншіден, «би» лауазымы – хан мен халыққа қатар қызмет еткен, халықты ханға, ханды – халыққа жақындастырушы. Олардың қуанышын, мұңын, ісін, әрекетін бір-біріне жеткізуші. Хандардың халық арасындағы тірегі болса, ал екінші жағынан халықтың көкейіндегіні айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы. Қазіргі заманның – халық қалаулылары – «депутаттары» десек те болады. Хандық биліктегі – «Хан кеңесі» мен «билер кеңесіндегі» – қазіргі замандағы Парламенттегі Сенат пен Мәжіліс рөлі бір-біріне сай келетін тәрізді.

Үшіншіден, «би» – ханның, хандықтағы әрбір істі бақылап, қадағалап отырған бақылаушы, қадағалаушы лауазымын атқарды, яғни осы заманның – «прокуроры».

Төртіншіден, «билер» даладағы сот процессуалдық істерді жүргізіп, үкім, шешім шығарушы немесе тергеу ісі мен сот ісін жүргізуші. Олар қазақтардың әдет-ғұрып құқығының ғана емес, шарифаттың да білгірі. Ел арасындағы даулар билер талқысына салынғанында екі жақтың билерінің бірі – айыптаушы (прокурор), екіншісі – ақтаушы (адвокат) болады және бір би – төрелік айтар төбе би болып тағайындалып, шешім шығарады. Қазіргі заманғы – «тергеуші», «адвокат», «прокурор», «сот» лауазымдарын тоғыстырушы.

Бесіншіден, «билер» ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұқсан келтірер дауларды шешумен қатар көрші мемлекеттермен қарым-қатынас жасауда хандарға кеңесші, дипломатиялық, елшілік қызметтерді де атқарған. Осы замандағы – «елші», «кеңесші», «саясаткер» және т.б. қызметтерге сай келеді.

Алтыншыдан, ел тағдыры сынға түскен жаугершілік замандарда билер батыр-

баһадүрлермен қатар атқа қонып, қарамағындағы тайпаластарынан жасақ құрып, мемлекет тұтастығын, ұрпақтар азаттығын қорғауға ұйытқы болған, қолбасшылық қызмет атқарған. Қазіргі заманның – әскер басшысы, қолбасшысы.

Жетіншіден, «би» – ұрпақты тәрбиелеуші, елдегі көкірегі ояу жастардың бірін би болуға, ел басқару өнеріне баулушы, өскелең ұрпаққа тура жол көрсетуші – «тәрбиеші», «ұстаз» болды.

Сегізінші, билер – адам жанын, мұңын, көңіл-күйін түсінуші, емдеушісі болды. Би лауазымы – «психолог», «дәрігер» кәсіптерінде меңгерген.

Қазақ билері «дала зандарына» сай қазіргі заманның «әкімі», «халық қалаулысы», «заңгер», «елші», «мәмілегер», «саясаткер», «тәрбиеші», «психолог», «дәрігер» т.б. бірнеше лауазымдық өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымын өз бойына жүктеген құрылымдық бірлік болып, елдің тұтастығын, бірлігін сақтады.

Деректер бойынша, қазақ хандығының құрылуына билердің де ықпалы зор болған. Оның ішінде – Асан бидің немесе «Асан қайғы» атанып кеткен Хасан Сәбитұлының орны ерекше. Асан би (Хасан Сәбитұлы) 1361-1370 жылдары аралығында Еділ бойында дүниеге келген. Халидұлы Құрбанғалидің «Тауарих хамса» атты еңбегінде атақты Майқы би Асан қайғының арғы атасы деп көрсетіп, Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған рулардың Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығуын қолдаушылардың бірі – Асан қайғы болғанын [4, 136] баяндаса, қазақтың көрнекті зиялыларының бірі Әлкей Марғұлан өз шығармаларында: «Қазақ хандығының құрылуына Асан қайғы ықпал етті» [5, 141] деп көрсеткен.

Сонымен қатар, «Қазақ хандығы» қоғамдық қорының төрағасы, жазушы Жарылқасын Боранбай өз сұхбаттарының бірінде: «...Асан қайғы мен Есенбұғаның келісімінен кейін ғана Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келген» [6, 16] деген пікір айтады.

Жоғарыда айтылған деректер қазақ хандығының құрылуына, өз алдына отау тігуіне билердің нақты ықпалы мен себептігі болғандығын нақтылайды.

Асан бидің (Асан қайғы) жаңадан шаңырақ көтерген қазақ хандығындағы орны турасында қазақтың би-шешендері туралы жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Нысанбек Төреқұл өз еңбектерінде: «...Жәнібек, Керей хандармен пікірлес, саясат ісіне араласып, олардың ақылғөйі болды» деп бағалай келе, Асан бидің Жәнібек, Керей хандарға батысқа – Жайық, Жем бойына қоныстануына, ең алдымен хандық үкіметті күшейту, елдің қорғаныс қабілетін арттыру қажет екендігіне кеңес бергені [7, 60] туралы баяндайды.

Шу мен Арал аралығында Қазақ ордасы құрылған кезде Асан Қайғы жаңа мемлекеттің ұраншысына айналған. Ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеп, ел-жұрттының хал-ахуалын жақсарту мақсатында хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты әділетті тұрғыда шешіп отырған. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйтқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасаған. Ол іздеген «Жерұйық» шұрайлы қоныс ғана емес, елін, жұртын сыртқы жаулардан қорғайтын жол, жаңа қоғамның үлгісі, қазақ халқын тарих сахнасында сақтап қалу бағдарламасы [4, 137].

Қазақ хандығында Керей мен Жәнібек, Бұрындық билік еткен тұста оларға қызмет еткен Асан бимен (Асан қайғы) қатар Жиренше, Қотан билер тәрізді бірнеше билер де болғаны аңыз-әңгімелер, шежірелер, деректер арқылы белгілі.

Бізге жеткен бір мәліметтерде, Жәнібек ханның тұсында оның алпыс биі болған делінсе [8, 266], тағы бір деректерде оның ел тағдырын он екі бимен ақылдасып шешіп отырғаны айтылады. Бидің үлкені – Жиренше болған [6, 76].

Жиренше – Жәнібек ханның ақылшысы, сарай биі, шешені әрі бас уәзірі болғанға ұқсайды. Хан жолға шығар кезде әрдайым Жиреншемен ақылдасып отырған, елдегі даулы мәселелерді де осы – Жиренше шешіп отырған.

Асан, Жиренше т.б. билер ханның кемшілігін, қателіктерін айтып, сынап отырған.

Мәселен, Асанқайғы Жәнібек ханға;
«...Ай, Жәнібек хан!
Айтпасам білмейсің,
Жайылып кеткен халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің...» дей келе, уақытша табыстарға масаттанбай, қазақ халқының болашағын неге ойламайсың – деп жөнге салып,
«... Айтқан тілді алмасаң,
Енді мені көрмейсің !..» – деген жырлары сақталған [8, 60].
Шыңғыс хан, бертін келе, оның ұрпақтары Керей мен Жәнібек негізін қалаған, Бұрындық пен Қасым нығайтқан мемлекеттерде, қазақ хандығында билердің жетекші рөл атқарғанын, хандардың олармен санасып отырғанын байқауымызға болады.
Алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек, кейін Бұрындық пен Қасым хандар тұсында қазақ хандығы нығайып, территориясын кеңейтіп, бір орталыққа бағынған, Орта Азияға, Европаға танымал мемлекеттердің біріне айналды. Жаңадан отау тіккен мемлекеттің азғандай уақыттың ішінде мұндай жетістіктерге жетуінің басты себептерінің бірі – хан жанында үнемі оларға дұрыс жолды нұсқайтын, кемшілігін бетіне тура айтатын, от ауызды, орақ тілді «билердің» жүруінен тәрізді.
Қорытындылай келе, Керей мен Жәнібек, Бұрындық пен Қасым тұсында қазақ хандығының құрылуына және мемлекеттің нығаюына билердің әсері ерекше болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы: «Сөздік-Словарь». 2011. – 320 б.
2. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. Перевод с персидского языка, 2-е изд. Дополненное. – Алматы: «Санат». 1999. – 656 с.
3. Арын М. Қазақ халқындағы би статусы (тұрғысы) жайлы. //«Саясат» журналы. – Алматы. 1996. №12.
4. Қазақ халқының тарихи тұлғалары. – Алматы: «Өнер». 2011. – 304 б.
5. Марғұлан Ә. Шығармалары. XIII том. – Алматы: «Алатау». 2012. – 576 б.
6. «Аңыз адам» журналы. 2011. №19 (31). – 16 б.
7. Төрөқұл Н. Даланың дара ділмарлары. -Алматы:«Қазақстан». 2001, – 592 б.
8. Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. 2- том. – Алматы: «Жеті жарғы». 2003. – 266 б.

НОВЫЕ ПРИОРИТЕТЫ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСТАНА: АРАБСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

Амантаева Айгуль Бағитжановна

кандидат философских наук

Костанайский государственный педагогический институт

г.Костанай, Республика Казахстан

С обретением суверенитета, вступлением в ООН и целый ряд международных организаций, Казахстан столкнулся с новыми для него проблемами собственной внешней политики, обороны и национальной безопасности, с проблемами самостоятельного вхождения в мировую экономику и мировое сообщество.

Оказавшись на международной арене, Казахстан окунулся в качественно иную среду, в которой его внешнеполитический курс, как и у любого другого государства, развивается по собственной логике, диктуемой национально-государственными интересами. Но при всем этом внешняя политика Казахстана призвана нести в себе и общече-